

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 143 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 634 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.10.2018 № 634 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын бекіту және " Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 176 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар:

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық есепті ұсынсын.

4. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі берген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы есептің негізінде жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша қорытынды жобасын қалыптастырсын және есепті жылдан кейінгі жылдың 25 наурызына

дейін іске асыру туралы есеппен бірге Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 16 наурыздағы
№ 143 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	2	3	4	5	6
1-мақсат: Елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту					
Нысаналы индикаторлар:					
	<i>Күтілетін өмір сүру ұзақтығының деңгейі</i>	Жас саны	ҰЭМ Статистика комитетінің ресми деректері		ДСӘДМ, ПМ, БҒМ, АШМ, МСМ, ҰЭМ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Халық денсаулығының индексі</i>	%	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, ПМ, БҒМ, АШМ, МСМ, ҰЭМ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттану деңгейі</i>	%	халыққа жүргізілген әлеуметтік сауалнама		ДСӘДМ

			деректері (жетілдіріл-ген әдіс бойынша)	
1-міндет. Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту				
<i>Зардап шеккендері бар ЖКО саны</i>	абс.		ІІМ ведомстволық статистика-лық есебі	ІІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>Жарақаттардан, оқыс оқиғалардан және уланулардан болатын өлім-жітім</i>	100 000 тұрғынға шаққанда		ДСӘДМ ведомстволық статистика-лық есебі	ДСӘДМ, ІІМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>15-17 жастағы балалар арасында өзіне-өзі қол жұмсау деңгейі</i>	100 000 тұрғынға шаққанда		Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми деректері	БҒМ, ІІМ, ДСӘДМ
<i>15-49 жас тобындағы АИТВ-инфекциясының 0,2-0,6 % шегінде таралуы</i>	%		ДСӘДМ ведомстволық статистика-лық есебі	ДСӘДМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>15-17 жастағы балалар арасында жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен (бұдан әрі – ЖЖБИ) сырқаттанушылық (мерез маркері)</i>	100 000 тұрғынға шаққанда		ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі	ДСӘДМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>Туберкулезбен сырқаттану</i>	100 000 тұрғынға шаққанда		ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі	ДСӘДМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>Сотталғандар арасындағы туберкулезбен сырқаттану</i>	100 000 сотталғанға шаққанда		ІІМ ведомстволық статистикалық есебі	ІІМ

	<i>Инфекциялық және паразиттік аурулармен сырқаттану көрсеткішін кемінде 315,9-дан аспайтын деңгейде ұстап тұру</i>	100 000 тұрғынға шаққанда	ҰЭМ ведомстволық статистикалық есебі		ҰЭМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтарды қамту</i>	%	МСМ ведомстволық статистикалық есебі		МСМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің базасында дене шынықтырумен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдерді қамту</i>	%	МСМ ведомстволық статистика-лық есебі		МСМ, БҒМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Семіздіктің таралуы</i>	100 000 тұрғынға шаққанда	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Нашақорлықтың және мінез-құлық ауруларының профилактикасы жөніндегі бағдарламаларды іске асыратын жалпы білім беру мекемелерінің үлесі</i>	%	БҒМ ведомстволық статистикалық есебі		БҒМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Есірткіні залалды тұтынумен және оған тәуелділікпен наркологиялық есепте тұрған адамдар саны</i>	100 000 тұрғынға шаққанда	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, ПМ
	5.1-бағыт. Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту	млн. тг			
	5.1.1-бағыт. Қоғамдық денсаулық сақтау қызметін қалыптастыру	млн.тг			
1.	Ең үздік әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, ҚР-да қоғамдық		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2016 жылғы 2-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы

	денсаулық сақтау жүйесінің жұмыс істеуі бойынша ұсыныстар дайындау				қалаларының әкімдіктері
2.	ДСӘДМ-нің және жергілікті атқарушы органдардың қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы саясатты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерін құру		ДСӘДМ бұйрығы, әкімдіктің қаулысы	2016 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
3.	ДДСҰ-ның, CDC-тің (АҚШ ауруларды бақылау және профилактика орталығы) қолдауымен ДСӘДМ, ведомстволық ұйымдардың және қоғамдық денсаулық сақтау саясатын жүзеге асыратын басқа да мүдделі мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкес оқыту семинарларын ұйымдастыру *		семинарлар	жыл сайын	ДСӘДМ
4.	Мыналарға: - инфекциялық емес аурулар профилактикасы және онымен күрес жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған жаһандық іс-қимыл жоспарына; - ДДСҰ негіздемелік конвенциясына және Еуропалық темекіге қарсы күрес стратегиясына; - ДДСҰ тағам өнімдері және тамақтану саласындағы 2015 – 2020 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына сәйкес сынаудан өткен технологиялардың негізінде инфекциялық емес аурулардың профилактикасы және мониторингі жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету		ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
5.	Инфекциялық аурулардың профилактикасы бойынша шараларды мониторингтеуді қамтамасыз ету		мониторинг жүргізу	жыл сайын	ДСӘДМ, ҰЭМ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
			бірлескен жоспар		ДСӘДМ, ҰЭМ,

6.	Инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың алдын алу және профилактика жөніндегі ресурстарды әлеуметтік жұмылдыру жоспарын әзірлеу			2016 жылғы 3-тоқсан	облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
7.	Халықты одан әрі имундандыру бойынша іс-шараларды жалғастыру (Ұлттық егу күнтізбесін іске асыру)	млн. тг	іс-шараларды өткізу	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
8.	Ұлттық имундық профилактика тізілімін әзірлеу және енгізу		ұлттық тізілім	2017 жылғы 1-тоқсан	ДСӘДМ, ҰЭМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
9.	Мектеп оқушыларының дұрыс тамақтану тұжырымдамасын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу		ҰЭМ-ге ұсыныстар	2017 жылғы 2-тоқсан	ДСӘДМ, АШМ, БҒМ, ҰЭМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
10.	Өңірлік және ұлттық деңгейде аурулардың дамуын ұзақ мерзімді модельдеу мен болжамдаудың халықаралық жүйелерін бейімдеу *		халықаралық жүйелерді енгізу	2017 жылғы 1-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
11.	ҚДҚ қызметін бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу*		әдістемелік ұсынымдар	2017 жылғы 1 тоқсан – әзірлеу, 2018-2019 жылдар – енгізу	ДСӘДМ, ҰЭМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	5.1.2-бағыт. Сектораралық өзара іс-қимылды дамыту	млн. тг			
					ДСӘДМ, ҰЭМ, ЭМ,

12.	Кейіннен өңірлер бөлінісінде халық денсаулығына мониторинг жүргізе отырып, халық денсаулығына қоршаған ортаның әсер ету катерлері картасын әзірлеу*		ҰҰК хаттамасы	2017 жылы әзірлеу, 2018 жылы – мониторингтеу	облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
13.	Мектеп медицинасын білім беру жүйесінен денсаулық сақтау жүйесіне беру		заң жобасының тұжырымдамасы	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, БҒМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
14.	Балалар мен жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау мінез-құлқы профилактикасы бойынша жол картасын әзірлеу		ҰҰК хаттамасы	2016 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, БҒМ, ПМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, халықаралық ұйымдар (келісім бойынша)
15.	Жол-көлік оқиғаларын алдын алуға және азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру, оның ішінде: - тротуарлар, жерасты (жерүсті) жаяу жүргіншілер өткелдерін, жаяу жүргіншілер және велосипед жолдарын, автобус аядамалары " қалташаларын" салу, жаяу жүргіншілер көп жүретін орындарды жарықтандыру; - мектепке дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беру мекемелері маңында және басқа да балалар көп баратын жерлерде жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды белгілейтін фото, бейнетіркеудің стационарлық жүйелерін орнату бойынша шаралар қабылдау		ДСӘДМ-ге ақпарат	жыл сайын	облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
16.	Республика жолдарының авариялық қауіпті учаскелеріндегі 40 т р а с с а л ы қ медициналық-құтқару пунктiнiң одан әрi дамуын қамтамасыз ету	млн.тг	ДСӘДМ-ге ақпарат	жыл сайын	ПМ, ДСӘДМ

17.	Трассалық медициналық-құтқару пункттерінің, медициналық ұйымдардың, санитариялық авиацияның, жедел және шұғыл көмектің өзара іс-қимылы алгоритмін жетілдіру		бірлескен бұйрық	2016 жылғы 3-тоқсан	ПМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
18.	Өндірістегі жарақаттану мен оқыс оқиғалардың профилактикасы және алдын алу жөніндегі жоспарды әзірлеу		бекітілген Жоспар	2016 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ
19.	Халықты (балаларды, жасөспірімдерді, ересектерді, еңбекке қабілетті халықты) дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тарту жұмысын жандандыру		ДСӘДМ-ге ақпарат	жыл сайын	МСМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша)
20.	Балалар арасында дұрыс және құнарлы тамақтану мәселелері бойынша белсенді ақпараттық-білім беру жұмысы арқылы дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру	млн.тг	жүргізілген ақпараттық-білім беру жұмысы туралы ақпарат	2017-2019 жылдардағы 1-тоқсан	ДСӘДМ
21.	Өнімдердің, оның ішінде фальсификацияланған және генетикалық түрлендірілген өнімдерді қоса алғанда, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау және мониторинг жүргізуді жалғастыру		ДСӘДМ-ге ақпарат	жыл сайын	ҰЭМ, ДСӘДМ
22.	Ұнды фортификациялау бойынша ұсыныстар дайындау		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2016 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, ҰЭМ, АШМ, ИДМ, ҰКП (келісу бойынша)
23.	Оқу орындарында тамақтану рационы бойынша елімізде бірыңғай стандарттар әзірлеу және оларды енгізуді қамтамасыз ету	млн.тг	әдістемелік ұсынымдар	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, БҒМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	Алкогольді өнім айналымын нормативтік реттеуді және мемлекеттік бақылауды жетілдіру				

24.	, есірткі құралдарының, шегілетін және шегілмейтін темекі өнімдерінің заңсыз айналымына қарсы белсенді іс-қимыл жасау		ДСӘДМ-ге ақпарат	2016-2019 жылдар	ІІМ, Қаржымині, ҰЭМ, ИДМ
25.	Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторларды балалар мен жасөспірімдер арасындағы наркологиялық бейін бойынша қатер топтарын ерте анықтау технологияларына оқыту	млн.тг	сертификаттар беру	жыл сайын	ІІМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
26.	ІІМ қызметкерлерін (полицейлер, учаскелік инспекторлар) масаңдық (алкогольдік, есірткіге, уытты) дәрежесін айқындау дағдыларына оқыту	млн.тг	сертификаттар беру	жыл сайын	ІІМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
27.	ҚР қылмыстық-атқару жүйесінде наркологиялық жағдайды мониторингтеу және бағалау	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, ІІМ
28.	Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай (26 маусым) өңірлік деңгейде акциялар өткізу		ДСӘДМ-ге ақпарат	жыл сайын	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
29.	Мінез-құлық факторлары қатерлерінің (темекі шегу, алкогольді, психобелсенді заттарды пайдалану, қатерлі мінез-құлықтың формалары, дене белсенділігінің төмендігі) профилактикасы жөнінде ақпараттық жұмыс жүргізу	млн.тг	ақпараттық материалдар, іс-шаралар өткізу	жыл сайын	ДСӘДМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	- республикалық бюджет қаражаты есебінен				ДСӘДМ
	- жергілікті бюджет қаражаты есебінен				облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
30.	ҚР аса қауіпті инфекциялардың кіргізілуі мен таралуының алдын алу мақсатында республика шекарасы мен аумағын санитариялық қорғау бойынша		іс-шаралар өткізу	жыл сайын	ҰЭМ, ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері

	іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз ету				Алматы қалаларының әкімдіктері
31.	Денсаулық сақтау саласындағы статистикалық есептіліктің ұлттық жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру		ҰЭМ бұйрығы	2017 жылғы 1-тоқсан	ҰЭМ, ДСӘДМ
32.	ҚР-да туберкулезбен күрес жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарды, АИТВ/ЖИТС профилактикасы және қарсы күрес шарларын іске асыру		ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын, 25 қаңтар	ДСӘДМ, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	2-міндет. Аурулар профилактикасы мен басқаруды жетілдіру				
	<i>Халықтың жалпы өлім-жітімі</i>	1 0 0 0 тұрғынға шаққанда	Статистика комитетінің ресми деректері		ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Аналар өлім-жітімі</i>	100 000 тірі туылғанға шаққанда	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Сәбилер өлім-жітімі</i>	1000 тірі туылғанға шаққанда	Статистика комитетінің ресми деректері		ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Қан айналымы жүйесінің ауруларынан (ҚЖА) болатын өлім-жітім</i>	100 000 тұрғынға шаққанда	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
					ДСӘДМ, облыстардың

<i>Туберкулезден болатын өлім-жітім</i>	100 000 тұрғынға шаққанда	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі	, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>Жаңа қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім</i>	100 000 тұрғынға шаққан-да	ДСӘДМ ведомстволық статистика-лық есебі	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>Жаңа қатерлі ісіктер бар науқастардың 5 жыл өмір сүруі</i>	%	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>Жаңа қатерлі ісіктерді ерте анықтау (1-2 сатысы)</i>	%	ДСӘДМ ведомстволық статистика-лық есебі	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>1 ЖПД-ға тіркелген тұрғындар саны</i>	адам	ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>ТМККК шеңберінде МСАК-ты қаржыландырудың үлесі</i>	%	ДСӘДМ ведомстволық статистика-лық есебі	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
<i>БҰДСЖ жағдайларында қаржыландырылатын стационарлық көмекті тұтыну деңгейі</i>	1 0 0 0 тұрғынға шаққанда төсек-күнінің саны	ДСӘДМ ведомстволық статистика-лық есебі	ДСӘДМ, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
5.2-бағыт. МСАК-ты жаңғырту және басым дамыту негізінде барлық денсаулық сақтау	млн.тг		

	қызметтерін пациент мұқтаждықтары айналасына интеграциялау				
	5.2.1-бағыт. МСАК-ты жаңғырту және басым дамыту	млн.тг			
33.	Қолданыстағы емханалар/ МСАК орталықтары базасында отбасылық қызмет көрсету қағидатын дамытуға бағытталған of excellens орталықтарын (үздік практика орталықтарын) кезең-кезеңімен құру*		әдістемелік ұсынымдар	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
34.	МСАК ұйымдарында операциялық менеджментті жетілдіру (кезектерді басқарудың заманауи технологиялары және басқалар)		әдістемелік ұсынымдар	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
35.	МСАК-тың, стационарлық және мамандандырылған медициналық көмектің сабақтастығы мен толықтығын қамтамасыз ететін медициналық көмек көрсету алгоритмдерін әзірлеу		ҰӘМ-ге ақпарат	2017 жылғы 2-тоқсан	ДСӘДМ
36.	Өңірлерде созылмалы ауруларды интеграциялық басқару бағдарламаларын енгізуді аяқтау*		ҰӘМ-ге ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
37.	Әзірленген стандартқа сәйкес геронтологиялық көмек көрсетуді қамтамасыз ету		ҰӘМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
38.	Отбасы қажеттілігін ескере отырып, паллиативтік көмек көрсету мен үйде күтуді аутсорсингке беру жолымен кеңейту (ҮЕҰ тарту)		әдістемелік ұсынымдар	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	Медициналық-әлеуметтік оңалтуды қоса алғанда, МСАК-тың, әлеуметтік қорғау және қоғамдық денсаулық				ДСӘДМ, облыстардың, Астана

39.	қызметтерінің интеграциясы негізінде пациенттердің мультибейінді патронажының регламентін әзірлеу		әдістемелік ұсынымдар	2018 жылғы 3-тоқсан	және Алматы қалаларының әкімдіктері
40.	Жалпы практика дәрігерінің бақылау, созылмалы ауруларды басқару және үйде қызмет көрсету жөніндегі функцияларын кезең-кезеңімен медициналық ұйымдардағы арнайы дайындалған орта медицина қызметкерлерге беруді қамтамасыз ету		ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
41.	<i>** Кадрлар даярлау және қайта даярлау жөніндегі; медициналық қызметкерлердің басқа қызметтерден МСАК-қа көшуін ынталандыру; шетелдік мамандарды тарту шараларын қоса алғанда, МСАК-тың ЖПД және орта медициналық қызметкерлермен, оның ішінде учаскелік терапевттермен учаскелік педиатрларды ЖПД кезең-кезеңімен ауыстыру есебінен қамтамасыз етілуін арттыру</i>	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
42.	МЖӘ мен жеке меншік медицинаны дамыту, оның ішінде топтық және жеке отбасылық практикалар құру негізінде МСАК жүйесін кеңейту		ҰЭМ-ге ақпарат	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
43.	Дәрігерді және МСАК ұйымын еркін таңдау тетігін әзірлеу		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
44.	ҚР-ның халқы үшін амбулаторийлік-емханалық**, оның ішінде консультациялық-диагностикалық көмекке қол жетімділікті жақсарту	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері

45.	Ұлттық скринингтік бағдарламаны одан әрі дамытуды, оның тиімділігін бағалауды және мониторингін қамтамасыз ету	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2016-2017 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	5.2.2-бағыт. ЖШМК дамыту	млн.тг			
46.	ЖШМК қызметінің халықаралық стандарттарын кезең-кезеңімен енгізуді қамтамасыз ету*		ҰЭМ-ге ақпарат	2016-2017 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
47.	Халықаралық стандарттар негізінде парамедиктерді және ТЖ-ның алдын алуға, профилактикасына және шешуге тартылған басқа да қызметтерді қоса алғанда ЖШМК қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша үлгілік оқыту бағдарламаларын әзірлеу*		ДСӘДМ бұйрығы	2018 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, ПМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
48.	Көліктік медицинаны одан әрі дамыту бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде:				
	- ТМККК шеңберінде ҚР-ның халқын санитариялық авиация нысанындағы медициналық көмекпен қамтамасыз ету	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ
	- Ұлттық көліктік медицинаны үйлестіру орталығын құру*		ҰЭМ-ге ақпарат	2016 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ
	- МЖӨ негізінде мобильді (көліктік) медицинаны, пациенттерді қашықтықтан бақылауды одан әрі дамыту		жол картасы	2018-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	5.2.3-бағыт. Барлық денсаулық сақтау қызметтері интеграциясымен мамандандырылған медициналық көмекті (ММК) дамыту	млн.тг			
	МСАК-тың үлестіру рөлі негізінде стационарларды				ДСӘДМ, облыстардың

49.	өңірлендіру көздейтін жекелеген нозологиялар мен жағдайлар бойынша медициналық көмекті ұйымдастырудың интеграцияланған моделін әзірлеу және енгізу		ДСӘДМ бұйрығы	2016-2017 жылдар	, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
50.	Жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесін әзірлеу		ДСӘДМ бұйрығы	2016 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ
51.	Телемедицинаны, мобильді медицинаны дамытуды, МЖӨ қағидаттары негізінде жергілікті және өңірлік Call-орталықтарын құруды (<i>интеграцияланған медициналық көмек енгізуді технологиялық қолдауды ұйымдастыру үшін</i>) қамтамасыз ету*		ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ
52.	Науқастарды шетелдік мамандарды тарта отырып, оның ішінде мастер-кластар өткізу арқылы отандық және шетелдік клиникаларда (<i>уәкілетті органның шешімі бойынша</i>) емдеуді қамтамасыз ету	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
53.	ҚР халқын донорлық қанның компоненттерімен және препараттарымен қамтамасыз ету, зертханалық тіндік типтеу және референс қызметтерін көрсету	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
54.	ТМҚКК шеңберінде инновациялық технологияларды қолдануды қамтамасыз ету	млн.тг	ҰЭМ-ге ақпарат	2016-2017 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
2-мақсат. Тиімділікке, қаржылық тұрақтылыққа және әлеуметтік-экономикалық өсуді қолдауға бағытталған ұл					
Нысаналы индикаторлар					
	<i>Халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттануының деңгейі</i>	%	халыққа жүргізілген әлеуметтік сауалдың деректері (жетілдірілген әдістеме бойынша)		ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері

	1-міндет: Денсаулық сақтау жүйесіне басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыру				
	<i>МӘМС олар үшін МӘС алымдары мен жарналарын алған тұрғындардың үлесі</i>		ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, Қаржымині, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Дәрігерлердің орташа жалақысының экономикадағы орташа жалақыға арақатынасы</i>		ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>Менеджмент деңгейі бойынша жоғары рейтингке ие медициналық ұйымдардың үлесі</i>		ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері
	<i>ТМҚКК шеңберінде жеке меншік медициналық қызмет берушілердің үлесі</i>		ДСӘДМ ведомстволық статистикалық есебі		ДСӘДМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері
	5.3-бағыт. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету				
	5.3.1. Медициналық көмекті стандарттау және басқару сапасын стандарттау				
55.	Медициналық көрсетілетін қызметтердің СБК-ның жұмысын ұйымдастыру		ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ
56.	Клиникалық хаттамаларды, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды әзірлеу, жетілдіру және оларды мониторингтеу мен бағалау бойынша функцияларды		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2019 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, ҰЭМ, облыстардың, Астана және

	кезең-кезеңімен СБК-ға беру мәселесін пысықтау				Алматы қалаларының әкімдіктері
57.	Ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларын кезең-кезеңімен жаңарту, қайта қарау		жаңартылған клиникалық хаттамалар	жыл сайын	ДСӘДМ
58.	Медициналық ұйымдардағы барлық клиникалық және клиникалық емес өндірістік процестерді стандарттауды жүргізу, оларды енгізу және мониторингтеу		әдістемелік ұсынымдар	2017 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
59.	Медициналық технологияларды бағалау және медициналық практикаға жаңа технологиялар мен дәрілік заттарды енгізу процестерін жетілдіру жүйесін әзірлеу		әдістемелік ұсынымдар	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ
60.	Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі және сыртқы сараптама жүргізу қағидаларын жетілдіру		ДСӘДМ бұйрығы	2016 жылғы 2-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
61.	Құпия аудитті қолдану негізінде медициналық қателіктерді есепке алу мен талдаудың ұлттық жүйесін енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
62.	Медициналық этика мен медицина қызметкерлерінің коммуникативтік дағдыларын дамытудың шаралар жоспарын әзірлеу		ҰЭМ-ге ақпарат	2017 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
63.	Өндірістік қызмет, рейтингтік бағалау нәтижелерін және медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттануды әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелерін БАҚ-та міндетті түрде жариялауды енгізу		ҰЭМ-ге ақпарат	жыл сайын	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері

64.	ҮЕҰ-ның медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына халықтың қанағаттануын бағалау бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуін ұйымдастыру		әлеуметтанушылық зерттеулер нәтижелері	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ
65.	Денсаулық сақтау стандарттарын енгізуді және тиімділігін мониторингтеуді әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ету		ДСӘДМ бұйрығы	2017 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
	5.3.2-бағыт. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеуді және лицензиялауды дамыту				
66.	Медициналық көрсетілетін қызметтерді берушілерді аккредиттеуді ұйымдастыру мәселелері жөнінде, оның ішінде жекелеген медициналық көрсетілетін қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау үшін НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін пысықтау		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2017 жылғы 4-тоқсан	ДСӘДМ
67.	Медициналық ұйымдардың аккредиттеуден, оның ішінде халықаралық "Joint Commission International (JCI)" өтуін ынталандыру жүйесін енгізу		ҰЭМ-ге ақпарат	2017-2019 жылдар	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
68.	Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу орталығының халықаралық аккредиттеуден өтуін және оны кезең-кезеңімен өзін-өзі реттейтін ұйым нысанына беруді қамтамасыз ету*		халықаралық аккредиттеу сертификаты және 2016 жылы мемлекеттік органдардың мемлекеттік функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі	2016-2019 жылдар	ДСӘДМ, ҰЭМ

			реттейтін ұйымдарға беру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін комиссияда қарау		
69.	Денсаулық сақтау саласында аккредиттеу мамандарын даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларын қайта қарау*		оқу бағдарламасы	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, ҰЭМ
70.	Медицина қызметкерлерін міндетті сертификаттауды міндетті лицензиялау институтына өзгерту мәселесін пысықтау		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ
	5.4-міндет. Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру	млн.тг			
	5.4.1-бағыт. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету	млн.тг			
71.	Мыналарды: тиісті GXP фармацевтикалық практикаларды енгізуді; дәрілік заттардың айналымы саласындағы ДСӘДМ-нің өкілеттіктерін кеңейту мәселесін пысықтауды қоса алғанда, фармацевтикалық саясатты дамыту жөніндегі жол картасын әзірлеу		жол картасы	2018 жылғы 2-тоқсан	ДСӘДМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
72.	НҚА-ға мынадай бөліктерде өзгерістер мен толықтырулар енгізу:				
	- тиісті өндірістік практика стандарттары (GMP) бойынша өндірілген және адамға арналған дәрілік препараттарды тіркеуге қойылатын техникалық талаптарды үндестіру жөніндегі халықаралық конференцияға		ДСӘДМ бұйрықтары	2016-2018 жылдар	ДСӘДМ, ИДМ, ҰЭМ

	мүше елдерде тіркелген (ICH) және дәрілік заттарды тіркеу рәсімдерін оңтайландыру; - сыртқы және ішкі референттік баға белгілеуді енгізу;				
	- дәрілік заттарды жоспарлау және сатып алу, оларды ұтымды пайдалану жүйесін жетілдіру		ҰЭМ-ге ақпарат	2016-2018 жылдар	ДСӘДМ, ИДМ, ҰЭМ
73.	Жылжымалы ұтқыр дәріхана пункттері жүйесін, оның ішінде МЖӘ негізінде одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
74.	Отанда өндірілген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымын жүйелі мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу		ҚР Үкіметіне ұсыныстар	2017 жылғы 3-тоқсан	ДСӘДМ, ИДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
75.	Мемлекеттік орган және сараптау ұйымы мамандарын тиісті фармацевтикалық практикаларға (GXP) оқытуды жалғастыру*		оқу сертификатын алу	жыл сайын	ДСӘДМ
